

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау тұжырымдамасының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 4 наурыздағы N 62

Зейнетақы жүйесін реформалау тұжырымдамасын және орта мерзімді қаржы саясатын қалыптастыру жөніндегі мүдделі министрліктер мен ведомстволардың жұмысын үйлестіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Ұлттық Банкпен (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесіп 1997 жылдың 15 наурызға дейін мерзімде экономикалық негіздемесімен Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау тұжырымдамасының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп:

1997 жылғы 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау тұжырымдамасының жобасын ескере отырып, 1998 жылдың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының орта мерзімді қаржы саясатын әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізсін;

Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау тұжырымдамасының жобасын ескере отырып, 1998 жылдан 2005 жылға дейін кезеңге арналған Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының басымдықтарын қайта қарасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен, Ұлттық банкпен (келісім бойынша) бірлесіп, "1997 жылға арналған республика бюджеті туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 59-1 Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Ұлттық Банкпен (келісім бойынша) бірлесіп, зейнетақы жүйесін реформалауға қолдау көрсету мүмкіндігі туралы халықаралық қаржы ұйымдарымен келіссөздер жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен, Ұлттық Банкпен (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесіп, 1997 жылғы 1 мамырға дейін мерзімде

халықаралық капитал рыноктарында борыштық міндеттемелер шығару мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар әзірлесін және енгізсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК